

1943 жылдан
басылымда
(6203)
25 сәуір
2026 жыл

Ел шебінде

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ОТАН САОСНУСЫ

17



Қазақстан халқының бірлігі күні



1-мамыр



ҚҰМ
БЕЛДЕУДЕГІ
ҚЫРАҒЫЛЫҚ

2




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ДӘЛІЗДЕГІ
СЕНІМДІ БАҚЫЛАУ

4



ФИЛОСОФ
ДАҒҚЫНА ҚЫЗЫҚ-
САҒЫЗ..., КІТАП
ОҚЫҒЫЗ

9



Құрметті шекарашылар,
қадірлі ардагерлер!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – еліміз үшін айрықша маңызға ие. Қазақстан халқының бірлігі күні – сан түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан мемлекетіміздің басты құндылығы – бейбітшілік пен келісімді дәріптейтін мереке. Тәуелсіз еліміздің тұрақтылығы мен өркендеуі, ең алдымен, қоғамдағы өзара түсіністік пен бірлікке негізделген. Осы ынтымақ пен татулықтың арқасында Қазақстан бүгінде әлемге бейбітсүйгіш, бірлігі бекем ел ретінде танылып отыр.

Бірлік – бұл тек мерекелік ұғым ғана емес, ол – күнделікті еңбекте, өзара сыйластықта, ортақ мақсатқа ұмтылуда көрініс табатын өмірлік қағида. Әсіресе, Шекара қызметі үшін бірлік пен ұйымшылдықтың маңызы зор. Себебі сіздердің үйлесімді іс-қимылдарыңыз, темірдей тәртіп пен жоғары жауапкершіліктеріңіз еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің көпірі болып табылады.

Осы жарқын мереке күні сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға амандық, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс тілеймін. Бірлігіміз нығайып, тәуелсіз еліміздің тұғыры биік болсын!

Қазақстан Республикасы
ҰҚК Төрағасының орынбасары –
Шекара қызметінің директоры
генерал-майор

Е. АЛДАЖҰМАНОВ



ҚҰМ БЕЛДЕУДЕГІ ҚЫРАҒЫЛЫҚ

Таңғы салқын леппен бірге шекара шебінде тіршілік оянады. Көкжиекке ұласқан құмды алқапта көзге көрінер-көрінбес жолақ – бұл жай ғана сызық емес, бұл – мемлекеттің айбыны мен тыныштығының шебі. Сол шептің бойында тәулік бойы тынымсыз қызмет атқарып жүрген ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасы «Бимырза» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері үшін әр күн – сын, әр сәт – жауапкершілік.

2002 жылдан бері ел шебін күзетіп келе жатқан «Бимырза» шекара бөлімшесі бүгінде Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы 30 шақырымға жуық шекара аумағына жауапты. Бұл жай ғана қызмет учаскесі емес, табиғаттың қатал мінезімен бетпебет келетін күрделі аймақ. Құмды белдеу, аптап ыстық пен суық жел – мұның бәрі шекарашылардың төзімі мен кәсіби дайындығын күн сайын сынайды. Шекара бойымен созылған тікенекті сымдар – сырт көзге қарапайым қоршау ғана. Алайда оның ар жағында – ел тағдырына жауап беретін тәртіп пен қырағылық тұр. Бақылау мұнараларынан жанжаққа көз салған сарбаздар әр қозғалысты қалт жібермейді. Әрбір қадам – есеппен, әрбір әрекет – тәртіппен.

Бұл бөлімшенің жүрегі – оның адамдары. Бөлімше бастығы капитан Тілек Сейітқазы – тәжірибесі мен талапшылдығын ұштастыра білген офицер. Оның басқаруындағы ұжым – бір мақсат, бір мүдде жолында топтасқан нағыз жауынгерлік ұжым.



Бөлімшенің нәтижесі де – осы бірліктің айғағы. 2025 жылдың қорытындысы бойынша алдыңғы орындардан көріну – кездейсоқ жетістік емес, жүйелі еңбектің жемісі. Ал 2026 жылдың басынан бері анықталған 10 құқықбұзушылық дерегі – шекарашылардың қырағылығының нақты дәлелі. Шекара – тек күзет емес, бұл – өзара әрекет алаңы. «Бимырза» бөлімшесі жергілікті органдармен тығыз байланыс орнатып, заңсыз әрекеттердің алдын алуда кешенді жұмыс жүргізіп келеді. Бұл – қауіпсіздіктің тек әскери емес, қоғамдық сипат алғанының белгісі.

«Шекара – картадағы сызық емес, ол әр сарбаздың жүрегіндегі жауапкершілік. Біз үшін бұл қызмет – жай міндет емес, бұл – Отан алдындағы серт», – дейді бөлімше бастығы капитан Тілек Сейітқазы.

Құм арасындағы үнсіздік кейде алдамшы. Сол тыныштықтың артында көзге көрінбейтін еңбек, темірдей тәртіп пен шексіз жауапкершілік жатыр. «Бимырза» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері – сол тыныштықтың шынайы сақшылары.

Ел шебі берік болса – ел іргесі аман. Ал сол беріктіктің негізінде осындай қырағы да қайсар шекарашылардың маңдай тері мен адал қызметі тұр.

Подполковник Р.АСАДИЛОВ,
«OS-ЧР». Суретті түсірген
аға лейтенант Т.СОВЕТАНОВ.

СЛУЖБА НА ДАЛЬНЕМ ПОСТУ

Служба на различных участках государственной границы нашей страны во многом схожа, однако в каждом регионе есть свои особенности. В Мангистауской области, помимо пограничных отделений, круглосуточную охрану государственной границы обеспечивают посты технического наблюдения.



Большинство таких постов расположены вдоль береговой линии Каспийского моря или на сухопутных участках границы. Одни находятся вблизи населённых пунктов и, соответственно, рядом с базами цивилизации. Другие — в условиях, где до ближайшего жилья десятки километров степи и моря.

Один из таких отдалённых постов — «Жыгылган» пограничного отделения «Тупкарган» пограничного управления по Каракиянскому району Департамента пограничной службы КНБ по Мангистауской области.

Руководит постом лейтенант Ермурат Серик — выпускник Пограничной академии КНБ 2025 года. Несмотря на небольшой опыт службы, офицер уже демонстрирует уверенные результаты.

Только за апрель текущего года, в ходе первого этапа совместных оперативно-профилактических мероприятий «СОПМ-2026», по целеуказанию поста пограничниками нарядами и кораблями задержаны 10 нарушителей режима территориальных и внутренних вод, а также 8 нарушителей пограничного режима.

Костяк подразделения составляют военнослужащие срочной службы: рядовые



Даниель Жаксылык, Абылайхан Раинбек, Бекасыл Адилбекулы, Диас Бисенов, Дамир Акантай и Али Изтаев — уроженцы Туркестанской и Актюбинской областей.

Каждый из них выполняет свою задачу. Дамир и Бекасыл — операторы радиолокационной станции, отвечают за контроль надводной обстановки. Даниель и Абылайхан обеспечивают бесперебойную работу дизельных электростанций. Али и Диас несут ответственность за питание личного состава.

Несмотря на то, что на

посту военнослужащие проходят службу всего два месяца, они уже уверенно освоились и добросовестно выполняют поставленные задачи.

Служба на отдалённых постах — это серьёзное испытание, требующее выносливости и настоящего мужского характера. Но именно благодаря таким офицерам и солдатам государственная граница остается надежно защищенной.

Капитан А.ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Фото автора.



24/7 ҚЫЗМЕТТЕГІ БӨЛІМШЕ

Мемлекеттік шекара – бұл карта бетіндегі сызық немесе шартты белгі ғана емес. Бұл – ұлт тәуелсіздігінің ең басты тірегі, ел қауіпсіздігінің, бейбіт өмірдің кепілі. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Қобда» шекара бөліміне қарасты «Жиренқопа» шекара бөлімшесі өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқарып келеді.



бұзушыларды құрықтауда және ізге түсуде жоғары кәсібилік танытып, жүктелген міндетті мүлтіксіз орындап келеді.

Бөлімше бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстар бойынша орынбасары аға лейтенант Жасұлан Рахимбаев өз пікірінде:

«Мұндай бөлімшеде қызмет ету – екінің бірінің пешенесіне бұйырмайтын мәртебе. Бұл – үздік офицерлерге ғана сеніп тапсырылатын, үлкен жауапкершілік жүктетінін қасиетті міндет», – дейді.

Ал бөлімше бастығы аға лейтенант Дамир Молдақұл 2021 жылдан бері осы бөлімшеде қызмет атқарып келеді. Қысқа уақыт ішінде 24 шекаралық режим бұзушыны, 47 мемлекеттік тәртіп бұзған азаматты, 8 шекара бұзушысын ұстау операцияларына басшылық жасаған. Өз міндетін атқару барысында жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін бірнеше мәрте алғыс хатпен марапатталған, әріптестері арасында жоғары беделге ие.

Бөлімшенің әрбір шекарашысы тәуелсіз Қазақстанның тыныштығы үшін күндіз-түні қызметте. Олар – ел іргесінің амандығын сақтап тұрған қырағы шекарашылар, темірдей тәртіптің, шынайы отансүйгіштіктің нышаны болып қала бермек.

**Аға лейтенант Ж.ШАРМАКОВ,
«ОС-ЧР». Суретті түсірген
аға лейтенант Д.МОЛДАҚҰЛ.**

Қызмет – тек қырағылықты ғана емес, темірдей тәртіпті, жоғары әскери дайындықты және рухани беріктікті талап ететін аса жауапты міндет. Жеке құрамның отансүйгіштік және еліне деген қызмет ету борышын ұғынуының оң нәтижесінде 2024 жылдың қорытындысы бойынша Шекара қызметінің бөлімшелері арасында инженерлік қамтамасыз ету бойынша «Жиренқопа» шекара бөлімшесі «Үздік шекара бөлімшесі» номинациясында 2 орын иеленген болатын. Бөлімше бастығы аға лейтенант Дамир Молдақұлдың жеке құраммен бірге қажырлы еткен еңбегінің арқасында екені айдан анық.

Бөлімше жеке құрамының кәсіби біліктілігін арттыру үшін жүйелі түрде жаттығулар, әскери даярлық сабақтары және спорттық іс-шаралар өткізіледі. Бөлімше шекарашылары департамент бөлімшелері арасындағы 2023 жылы бақылау-тексеру сабақтарында 2-орын иеленсе, 2024 жылы рационализаторлық бастамалар бойынша да үздіктер қатарынан табылған.

Сонымен қатар, «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының тәрбиелік іс-шаралары жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезімін дарытып, болашақ шекарашыларды даярлауда маңызды рөл атқарып отыр.

Шекара бөлімшесінің күнделікті қызметінде әскери қызметшілермен қатар қызмет ететін қызметтік иттердің орны бөлек. Белгиялық «Тимина» мен шығыс еуропалық овчарка «Ричард» және «Рисли» ізкесуші иттері - бөлімшенің мақтанышы. Олар мемлекеттік шекара режимін

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ШЕКАРАСЫНДАҒЫ СЕНІМ КӨПІРІ

Абай облысының Мақаншы ауданында, халықаралық маңызы бар Бақты ауылы аумағында орналасқан бұл бөлім – екіжақты автокөлік өткелі саналатын аса маңызды бақылау пункті. Мұнда күнделікті жолаушылар, жүк көліктері және автобустар легі өтеді. Бөлім азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған: автоматтандырылған тексеріс жолақтары, сканерлеу жүйелері, биометриялық сәйкестендіру құрылғылары толықтай іске қосылған.

«Бақты» бөлімінің техникалық әлеуеті уақыт талабына сай жаңартылып келеді. Цифрлық бақылау жүйелері, жоғары дәлдіктегі бейнекамералар, инспекциялық-тексеру кешендері, жалған құжаттарды анықтауға арналған құралдар – барлығы да шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, арнайы дайындықтан өткен қызметтік иттер де заңсыз әрекеттердің алдын алуға айрықша үлес қосуда.

Бөлімде қызмет ететін офицерлер мен сарбаздар – кәсіби даярлықтан өткен, заңнаманы, халықаралық нормаларды және этикалық стандарттарды меңгерген мамандар. Құжаттарды тексерушілер, кинологтар, техникалық қызметкерлер – барлығы өз саласы бойынша жоғары жауапкершілікпен қызмет етеді. Олар ҚР ҰҚК Шекара академиясы мен оқу-жаттығу орталықтарында үздіксіз оқытылып, құжат сараптамасы, шекара психологиясы, жедел әрекет ету дағдылары бойынша білімдерін жетілдіреді. Қазіргі таңда бөлім бастығы – тәжірибелі офицер майор Азат Сарыев.

Бөлім ұжымы жас буын тәрбиесіне де ерекше назар аударады. Жас сарбаздардың бойына отансүйгіштік пен адалдықты сіңіру мақсатында әскери-рухани кездесулер, патриоттық кештер, кәсіби шеберлік байқаулары жүйелі түрде өткізіледі. Жас қызметкерлер үшін жетекші офицерлердің тәжірибесін үйрену – үлкен мектеп. «Тек қана алға!» деген ұран – олар үшін қызметтік міндеттің мәнін айқындайды.

Алдағы уақытта «Бақты» шекаралық бақылау бөлімінде цифрландыру бағыты қарқынды дамымақ. Автоматтандырылған тексеру жүйелері, жасанды интеллект арқылы күмәнді объектілерді тану, рентген-сканерлердің жаңа үлгілерін енгізу – болашақтың басты міндеттері қатарында. Мұның барлығы шекара қауіпсіздігін заманауи деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Бөлімде қызмет ететін әрбір офицер мен сарбаз – отбасының перзенті, елінің үміті. Олар туған жерден алыста жүрсе де, өз қызметін мақтанышпен атқарады. Қандай жағдай болмасын, «Шекара – халықтың аманаты» деген



қағиданы жүрегіне түйіп, күнделікті қызметіне жауапкершілікпен қарайды. Бұл – тек әскери міндет емес, ұлттық намыстың шыңы.

Қорытындылай келе, «Бақты» шекаралық бақылау бөлімі – Қазақстанның қауіпсіздік қалқаны ғана емес, ел мен елдің арасындағы сенім көпірі. Мұнда қызмет етіп жүрген әрбір жауынгер – Тәуелсіздіктің тірегі, шекараның шын сақшысы. Олар үшін әр өткел – тек қақпа емес, мемлекеттің кіреберісі, әр тексеріс – ел қауіпсіздігінің кепілі. Сондықтан да «Бақты» шекарасы – шын мәнінде шекарадағы сенімді қалқан.

**Аға лейтенант Е.ҚАЙРТАЙ,
«ОС-ЧР». Суреттер шекаралық
бақылау бөлімінің.**



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының «Бақты» шекаралық бақылау бөлімі – еліміздің мемлекеттік шекарасын күзетуде, халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын мемлекеттік нысан. 1992 жылдың 30 қыркүйегінде ҚР Үкіметінің №906 қаулысына сәйкес құрылған бұл бөлімше содан бері өзінің күрделі әрі жауапты міндеттерін абыроймен атқарып келеді.

Басты мақсаты – Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара арқылы өтетін адамдарды, көлік құралдары мен жүктерді заңды тәртіппен өткізіп, шекара режимін сақтау, заңсыз көші-қон мен контрабанданың алдын алу арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӘЛІЗДЕГІ СЕНІМДІ БАҚЫЛАУ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасына қарасты «Нұр жолы» (жүктік) шекаралық бақылау бөлімі – еліміздің шығыс қақпасында орналасқан, стратегиялық маңызы ерекше әскери құрылымдардың бірі. Бөлім шекараны күзетіп қана қоймай, Қазақстанның халықаралық беделі мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.



Әскери ұжым Жаркент өңірінде орналасқан. Бұл аймақ – тарихы терең, Ұлы Жібек жолының бойында жатқан, сауда мен мәдениеттің ежелден тоғысқан жері. Тарихи маңызы зор өңірде орналасқан «Нұр жолы» (жүктік)


өткізу пункті бүгінгі таңда Еуразия кеңістігін байланыстыратын негізгі логистикалық тораптардың біріне айналған. 2017 жылы «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында іске қосылған кешен заманауи технологиялармен жаб-

дықталып, тәулігіне мыңдаған жүк көліктері мен азаматтарды қабылдайды.

«Нұр жолы» (жүктік) шекаралық бақылау бөлімінің жауынгерлік қызметі – жоғары тәртіпті, жауапкершілікті және кәсіби шеберлікті талап ететін күрделі үдеріс. Бөлімнің басты міндеті – мемлекеттік шекара арқылы өтетін жүк ағындарын заң талаптарына сәйкес бақылау, контрабандалық әрекеттердің алдын алу, құқықбұзушылықтарды дер кезінде анықтау және жолын кесу болып табылады. Осы бағытта шекара сақшылары тәулік бойы үздіксіз қызмет атқарады.

Бөлім қызметі майор Айбек Сақтапбергенов сияқты тәжірибелі басшылардың жетекшілігімен ұйымдастырылады. Офицердің кәсіби жолы табандылық пен адалдықтың көрінісі. Оның басшылығымен бөлім қызметінің тиімділігі артып, тәртіп пен жауапкершілік деңгейі жоғары.

Жауынгерлік қызмет барысында шекара режимін бұзу фактілері де тіркелді. Сәуір айының өзінде бірнеше құқықбұзушылық фактілері анықталып, өкімшілік шаралар қабылданды. Әскери



қызметшілердің қырағылығының арқасында өткізу пунктінің режимін бұзған азаматтар анықталып, заң аясында жауапкершілікке тартылды. Жауынгерлік қызметтегі жетістіктердің барлығы бөлім сайыпқырандарының кәсіби дайындығы мен қызметке деген адалдығының дәлелі.

«Нұр жолы» (жүктік) шекаралық бақылау бөлімінің жа-

уынгерлік қызметі – тәртіп пен кәсібиліктің, қырағылық пен жауапкершіліктің үлгісі. Шекара сақшыларының күнделікті еңбегінің арқасында мемлекеттің тыныштығы мен тұрақтылығы сақталуда.

**Подполковник
М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**
Суреттер шекаралық бақылау бөлімінің.

ЕЛ ҚАҚПАСЫН ҚЫРАҒЫ КҮЗЕТКЕНДЕР

«Шарбақты» бөлімшесінің әскери қызметшілері халықаралық қатынастың үздіксіз жүруін қамтамасыз ете отырып, шекара арқылы өтуге тыйым салынған заттарды анықтауға, шектеулі тізімдегі адамдар мен халықаралық іздеуде жүрген тұлғалардың заңсыз өтіп кетуінің алдын алуға, контрабанда, есірткі, қару-жарақ тасымалы секілді қатерлерге тосқауыл қоюға күн сайын сақадай сай тұрады.

Ағымдағы жылдың басынан бері осы бөлімше арқылы 82 мыңнан астам адам өткізілсе, оның 27 мыңнан астамы шетел азаматтары болған. Осынша ағында қырағылықты әлсіретпей, әр құжат пен әр көліктің ар жағындағы қауіп-қатерді дер кезінде байқай білу тек нағыз кәсіби шекарашының қолынан келетін іс.

Қызметтік-жауынгерлік іс-қимылдардың нәтижесі де соны айғақтайды. Жыл басынан бері Қазақстан Республикасының аумағынан жанар-жағармай материалдарын заңсыз шығаруға қатысты 55 дерекке тосқауыл қойылған. Көші-қон заңнамасын бұзудың 291 фактісі, заңсыз валюта алып шығудың 31 дерегі, контрабандалық тауарлардың 79 фактісі анықталған. Сонымен қатар қару-жарақ пен оқ-дәріге қатысты 2 дерек, акцизі жоқ тауарларға байланысты 4 дерек тіркелген.

Осындай нәтижеге жетуде бөлімшенің әрбір әскери қызметшісінің үлесі бар. 2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша ерекше көзге түскендердің бірі кіші сержант М.Далабаев.

Ал 2025 жылғы 24 желтоқсанда «Шарбақты» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесінің жеке құрамы Қарағанды облысы полиция департаментінің іздеу

Әр мемлекеттің айбыны оның шекарасының беріктігімен өлшенеді. Ал шекараның берік болуы сонда қызмет етіп жүрген шекарашылардың қырағылығы мен кәсіби даярлығына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Павлодар облысы бойынша департаментінің «Шарбақты» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесі ел қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келе жатқан айрықша бөлімшелердің бірі.



тобымен бірлесіп отырып, Қазақстан Республикасының аумағынан Моңғолияға 1882 дана ақбөкен мүйізін контрабандалық жолмен заңсыз алып шықпақ болған азаматтың әрекетін уақытылы тоқтатты.

Бөлімшенің қызметінде кәсіби шеберлігімен дараланған әскери қызметшілердің бірі - бақылаушы, ефрейтор Данияр Мусалимов. 2024 жылдың шілде айында шекара нарядының құрамында Қазақстан Республикасынан өтпек болған азаматшаның өз құжатының орнына сіңлісінің құжатын пайдаланып бара жатқанын анықтады. Ал 2025 жылғы 19 наурызда дәл осы наряд құрамында Өзбекстан азаматының жалған құжатты пайдаланып шекарадан өту әрекетіне де тосқауыл қойылды.

Шекара шебінде атқарылатын қызметтің салмағын оны күн сайын иығымен көтеріп жүрген шекарашы ғана сезінеді. Таңнан кешке дейін толассыз ағылған көлік, әр жолаушының тағдыры, әр құжаттың артында жасырынуы мүмкін қауіп – мұның бәрі шекарашыдан асқан жауапкершілік пен сергектікті талап етеді. Ал осы талап үдесінен табылып жүрген «Шарбақты» бөлімшесінің жауынгерлік қызметі – ел қауіпсіздігі жолындағы қалтқысыз еңбектің жарқын көрінісі.

Майор Г.САДЫКОВА, «OS-ЧР».
Сурет шекаралық бақылау бөлімшесінің.

ӘСКЕРИ БОРЫШТЫҢ БЕРЕРІ МОЛ



Қазіргі таңда «Көктем-2026» шақырылымының сарбаздары әскери өмірдің алғашқы әліппесін меңгеріп, үлкен жолдың басында тұр. Алда оларды қасиетті дәстүр – Отан алдында ант қабылдау рәсімі күтіп тұр. Бұл – ел шекарасын күзету секілді абыройлы міндет жүктелетін жас шекарашылар үшін жауапты да ерекше сәт.

Дегенмен, бүгінгі сарбаз тек әскери тәртіппен шектеліп қана қоймайды. Олардың болашағына бағыт беретін жаңа мүмкіндіктер де қарастырылған. Соның айқын дәлелі – ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы шекара басқармасының техникалық және кәсіби-даярлық бөлімінде өткен үгіт-насихат жұмыстары.

Ақжардағы оқу базасында өткен бұл кездесу еркін форматта ұйымдастырылып, 400-ден астам сарбазбен ашық әңгіме өрбіді. Департаменттің Тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар басқармасының бөлім бастығы подполковник А. Айсағалиев бастаған офицерлер жас сарбаздардың алдында тұрған нақты мүмкіндіктерді жан-жақты түсіндірді.

Әңгіме барысында әр сарбазға бірнеше жол ашық екені айтылды. Олар: келісімшарт негізінде Шекара қызметінде қалу, отандық немесе шетелдік (Ресей, Түркия) әскери жоғары оқу орындарына түсіп, офицер атану және ерекше бағыттардың бірі – «Срочник 2.0» бағдарламасы арқылы болашаққа жол салу.

«Срочник 2.0» – бұл жай ғана жоба емес, әскерден кейінгі өмірге берілетін нақты мүмкіндік. Ол сарбазға бағыт көрсетіп, оның кәсіби және білім жолын айқындауға көмектеседі.

Кездесу барысында подполковник Асхат Айсағалиев жалпы үгіт-насихат жұмыстарының маңызын атап өтсе, подполковник Баубек Жаңабаев келісімшарт бойынша қызмет етудің артықшылықтарын түсіндірді. Ал аға лейтенант Айбек Усманов әскери жоғары оқу орындарына түсу тәртібін егжей-тегжейлі баяндады. Ефрейтор Думан Сәрсенов болса, «Срочник 2.0» бағдарламасының мүмкіндіктерін қарапайым тілмен түсіндіріп берді. Айта кетерлігі, тәртібімен, даярлығымен және спорттағы жетістіктерімен ерекшеленген сарбаздар ҰБТ-сыз-ақ, арнайы сертификат арқылы жоғары оқу орындарына тегін түсу мүмкіндігіне ие болады. Бұл – олардың еңбегіне көрсетілген үлкен сенімнің белгісі.

Шара соңында офицерлер сарбаздардың сұрақтарына ашық жауап беріп, еркін пікір алмасты. Сол сәтте қатардағы жас шекарашылардың арасынан осыған дейін бізге сұхбат беріп үлгерген таныс бейнелер де көзге түсті. Мәселен, бірнеше тілді еркін меңгерген қатардағы жауынгер Дінмұхаммед Шәйлін әскерден кейін Шекара қызметінде қалуды мақсат етсе, орыс ұлтының өкілі Саша Дуденко әскери жоғары оқу орнына түсуді армандайды.

Подполковник А.Айсағалиевтің айтуынша, өткізілген кездесу нәтижесінде 40-тан астам сарбаз келісімшарт қызметіне қалуға ниет білдірген. 30-дан астам жас шекарашы әскери жоғары оқу орындарына түсуге дайын екенін жеткізді. «Срочник 2.0» бағдарламасына қызығушылық танытқандар да аз емес.

Бұл – тек бастамасы. Алдағы уақытта мұндай таңдалардың қатары көбейері сөзсіз. Ең бастысы – мүмкіндік бар, бағыт айқын. Қалғаны – жас шекарашылардың өз шешімі мен ерік-жігерінде.

**ҚР Журналистер одағының мүшесі
әскери журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-CP».
Суреттерді түсірген автор.**



ШАРА

ШЕКАРАДАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МАҢЫЗЫ

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясының 95 жылдығына орай «95 жылдық тәжірибе: шекара қауіпсіздігіндегі ағылшын тілінің рөлі» атты академия қабырғасында тәрбие жұмысы өтті. Шараға Шекаралық бақылау қызметін ұйымдастыру жөніндегі офицер және ҚР ҰҚК Мемлекеттік шекараны күзету және қорғау мамандықтары оқу заставаларының курсанттары қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты – болашақ шекарашылар үшін ағылшын тілінің маңызын түсіндіру, оның кәсіби қызметтегі рөлін

айқындау болды. Қазіргі таңда шекарашылар шетел азаматтарымен жиі байланысқа түседі. Сондықтан ағылшын тілін меңгеру

– олардың күнделікті қызметіндегі негізгі қажеттіліктің бірі. Бұл тіл шекаралық бақылау кезінде түсінікті қарым-қатынас орнатуға, қызмет сапасын арттыруға және еліміздің халықаралық беделін нығайтуға мүмкіндік береді.

Аталған бағыттағы жұмысты кафедра ұжымы жүйелі түрде жүргізіп келеді. Қазіргі таңда кафедраны қауымдастырылған профессор (доцент) полковник Э.Уразаев басқарады. Офицердің бастамасымен оқу бағдарламаларын жетілдіру мен сапасын арттыру және заманауи әдістерді енгізу бойынша нәтижелі жұмыстар атқарылуда. Кафедра бастығының орынбасары, филология докторы (PhD) полковник А.Кожаметова оқу процесін ұйымдастыруда маңызды рөл атқарып, оның жүйелі әрі тиімді жүруін қамтамасыз етеді.

Аталған тәрбие жұмысын кафедраның доценті полковник Ж.Джампеисова, аға оқытушы подполковник А.Сариева және аға лейтенант Ү.Бейбітова ұйымдастырды. Шара барысында курсанттарға ағылшын тілін оқудың не үшін маңызды екені түсін-



дірілді. Шет тілі – тек қарым-қатынас құралы ғана емес. Қызмет барысында жедел әрі дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін кәсіби құрал.

«95 жылдық тәжірибе: шекара қауіпсіздігіндегі ағылшын тілінің рөлі» атты тәрбие жұмысы курсанттардың болашақ қызметіне деген жауапкершілігін арттырып, ағылшын тілінің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды рөлін анықтап берді.

**Подполковник М.ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-CP». Суреттерді түсірген
аға лейтенант Ү.БЕЙБИТОВА.**





ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ – ЕР ҚОЛЫНДА

Ел шетінде, жел өтінде орналасқан шекара шептері – мемлекеттің тыныштығы мен тұтастығының мызғымас тірегі. Сол қасиетті шепте кірпік қақпай қызмет атқарып жүрген офицерлердің әрқайсысының тағдыры – тұтас бір тағылым, тұнып тұрған өнеге. Осындай ел қорғаны болып жүрген жас әрі жігерлі офицерлердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Бұлақты» шекара бөлімшесінің бастығы, аға лейтенант Қайратұлы Айдар.

Айдар Қайратұлы 1999 жылдың 24 маусымында Жетісу облысы, Ақсу ауданына қарасты Қапал ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Туған жердің тұнық ауасы мен табиғаттың тазалығы оның бойына адалдық пен еңбекқорлық қасиеттерін ерте сіңірді. Бала күнінен тәртіп пен жауапкершілікті серік еткен ол 2006 жылы Ғали Орманов атындағы орта мектептің табалдырығын аттап, 2017 жылы аталған білім ордасын сәтті аяқтап шығады.

Сол жылы ел қорғаны болуды мақсат еткен жас талапкер Алматы қаласындағы ҚР ҰҚК Шекара академиясына оқуға түседі. Әскери өмірдің қатаң тәртібі мен жоғары талаптары оны шыңдап, нағыз офицер ретінде қалыптастырады. 2021 жылы «шекара бөлімшелерінде қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетті басқару» мамандығы бойынша білімін тәмамдап, туған ел алдындағы жауапты жолын бастайды.

Қызмет жолын 2021 жылдың қыркүйек айында Абай облысы бойынша департаменттің Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Барлық Арасан» шекара бөлімшесінде тәрбиелік және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасар қызметінен бастаған ол қысқа уақыт ішінде өзінің ұйымдасты-

рушылық қабілеті мен іскерлігін көрсете білді. 2024 жылдың қаңтар айында аталған бөлімшенің бастығы болып тағайындалып, ұжымға жаңа серпін, тың бағыт әкелді.

Ал 2025 жылдың тамыз айынан бастап бүгінгі күнге дейін «Бұлақты» шекара бөлімшесінің бастығы қызметін абыроймен атқарып келеді. Оның жетекшілігімен бөлімше әскери тәртіп пен жауынгерлік дайындықты нығайтуда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуде. Жас болса да салмақты шешім қабылдай алатын, қарамағындағы жеке құрамға үлгі бола білетін офицер ретінде танылып үлгерді.

Айдар Қайратұлы – тек қызметте ғана емес, өмірде де жауапкершілігі мол азамат. Үш ағайындының кенжесі ретінде отбасының берекесін сақтап, анасының үмітін ақтап жүрген ұл. Анасы – ұзақ жылдар бойы география пәнінен


ұстаздық еткен, бүгінде зейнеткер.

Қызметтегі адал еңбегі мен жоғары нәтижелері үшін ол департамент пен басқарма басшылығы тарапынан бірнеше мәрте марапатталған. Бұл – оның тынымсыз еңбегінің, ел алдындағы адалдығының айқын дәлелі.

Бүгінгі таңда ел тыныштығын күзетіп, шекара шебінде қырағы қызмет атқарып жүрген Айдар Қайратұлы секілді жас офицерлер – тәуелсіз Қазақстанның сенімді тірегі. Олардың әрбір күні – ел үшін, жер үшін, бейбіт өмір үшін жасалып жатқан жанқияр еңбек.

Ел шебі – ердің еншісі. Ал сол еншіні абыроймен арқалап жүрген азаматтар барда, елдің еңсесі биік, шекарасы берік болмақ.

Аға лейтенант Е.ҚАЙРАТҰЛЫ,
«OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.



«АЛҚАБЕК» БӨЛІМШЕСІНІҢ АЙБЫНЫ МЕН АБЫРОЙЛЫ ЖОЛЫ

Шығыс өңірдің ең бір шеткері, табиғаты тылсым да қатал аймақтарының бірі – Марқакөл ауданы. Осы өңірде орналасқан «Алқабек» шекара бөлімшесі – ел қауіпсіздігінің берік қалқанына айналған маңызды шекара бөлімшесі.

«Алқабек» бөлімшесінің ерекшелігі – оның қызметінің көпқырлылығында. Мұнда шекара күзеті тек құрлықта ғана емес, су айдындары арқылы да жүргізіледі. Әсіресе Қара Ертіс өзені бойындағы күзет – ерекше дайындықты талап етеді. Өзеннің ағысы мен табиғи ерекшеліктерін жетік меңгерген шекарашылар тәуліктің кез келген уақытында су үстінде қызмет атқарады. Кіші катерлер тобы – бөлімшенің ерекше мақтанышы. Таң ата өзен үстін тіліп өткен катерлердің үні – бұл аймақтағы тыныштықтың кепілі іспетті. «Сапсан-602», «Сапсан-609» және «Көгершін» катерлері мемлекеттік шекара бойымен үздіксіз қозғалыста. Оларды тізгіндеген тәжірибелі мамандар әрбір метрді қырағылықпен бақылап, кез келген қауіптің алдын алуға дайын.

Бұл топты 1-ші сатылы старшина Денис Бурляев Евгеньевич басқарады. Оның кәсіби біліктілігі мен тәжірибесі – өзен үстіндегі қауіпсіздіктің сенімді кепілі. Бөлімшедегі тәртіп пен ұйымшылдық – оның табысты қызметінің басты кепілі. Ұжымды аға лейтенант Андрей Пиньковский Николаевич басқарады. Ол – жауапкершілігі жоғары, талапшыл әрі көреген басшы. Оның жетекшілігімен бөлімшеде жауынгерлік дайындық жүйелі түрде жүргізіліп, әскери тәртіп қатаң сақталады. Ал ұжымның рухани бірлігін



қалыптастыруда лейтенант Берекет Жомартов маңызды рөл атқарады. Оның еңбегі сарбаздардың моральдық-психологиялық дайындығын арттырып, Отанға деген адалдық сезімін нығайта түсуде.

«Алқабек» бөлімшесінің жетістіктері – оның кәсіби деңгейінің айқын көрсеткіші. Әр жылдары жауынгерлік дайындық, қару-жарақ сақтау, инженерлік құрылымдарды ұстау бағытында жүлделі орындарға ие болуы – ұжымның бірлігі мен еңбексүйгіштігінің нәтижесі. Бұл жетістіктер кездейсоқ емес, күнделікті тынымсыз еңбектің, табандылықтың жемісі.

«Алқабек» – ерліктің үнсіз шежіресі жазылып жатқан мекен. Мұнда даңқ пен дабыл жоқ, бірақ әр сарбаздың жүрегінде елге деген шексіз сүйіспеншілік бар. Сол сезім оларды алға жетелейді, сол сенім оларды биікке бастайды.

Подполковник
Ғ.БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет департаменттен.

ҚЫЗМЕТ ПЕН ҚАЙСАРЛЫҚ ҮНДЕСТІ

ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасында ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында абыройлы қызмет атқарып жүрген офицерлер аз емес. Солардың бірі – байланысты қамтамасыз ету тобының офицері лейтенант Ескендір Абдханиев. Оның өмір жолы – табандылық пен мақсаткерліктің, кәсібилік пен жан-жақтылықтың үйлесімді үлгісі.

Ескендір Алматович 1989 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. Білім жолын Ахмет Байтұрсынов атындағы №50 орта мектептен бастап, кейін Манап Өтебаев атындағы көпсалалы технологиялар колледжінде жалғастырды. Алғашқы мамандығы техник-құрылысшы болғанымен, Отан алдындағы борышты өтеу оның өмірлік бағытын түбегейлі өзгертті. 2009–2010 жылдары Ақтау қаласындағы әскери бөлімде мерзімді қызмет атқарып, әскери ортаға бейімделді. Кейін жоғары білім алып, құқықтану және телекоммуникация салалары бойынша біліктілігін арттырды. 2012 жылдан бастап келісімшарт негізінде әскери қызметке кіріп, әртүрлі лауазымдарда тәжірибе жинақтады.

2024 жылы Шекара қызметі академиясында офицерлік курстардан өтіп, 2025 жылы лейтенант әскери шенін алды. Қазіргі таңда Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының

байланысты қамтамасыз ету тобының офицері қызметін атқарып келеді.

Абдханиев Ескендір әскери қызметпен қатар спорт саласында да жоғары нәтижелерге қол жеткізген. Ол төзімділікті талап ететін халықаралық деңгейдегі жарыстардың белсенді қатысушысы: 2021 жылы Алматы қаласында өткен «Tengri Ultra» ультрамарафонында 70 шақырым қашықтықтың жүлдегері; 2023 жылы осы жарыстың 50 шақырымдық кезеңінде де жүлделі нәтиже көрсеткен 2023 жылы Шымкент қаласында өткен марафонда 42 шақырым қашықтықта 3-орын иегері; 2023 жылы «Ironman Astana» триатлонында (3,8 км жүзу, 180 км веложарыс, 42 км жүгіру) марафонға жетіп, жоғары төзімділігін дәлелдеген; 2025 жылы Түркия Республикасында өткен халықаралық «Carradocia Ultra Trail» жарысында 119 шақырым қашықтықты 16 сағат 48 минутта бағындырып, әлемнің 79 елінен келген 195 спортшы арасында 34-орын, жас санатында 16-орын иеленген. Бұл жетістіктер оның тек кәсіби әскери қызметкер ғана емес, сонымен қатар жоғары деңгейдегі төзімді спортшы екенін көрсетеді.

Ескендір Алматович – үлгілі отағасы. Жұбайы Асель Зайровамен бірге үш ұл бір қыз тәрбиелеп отыр. Отбасы – оның басты тірегі, өмірлік шабыт көзі. Қызмет пен спорттағы жетістіктерінің артында отбасының қолдауы мен сенімі тұрғанын ол әрдайым атап өтеді.

Абдханиев Ескендір Алматович – өз ісіне адал, кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған офицер. Оның қызметтегі табыстары мен спорттағы жетістіктері, отбасындағы жауапкершілігі – бүгінгі әскери қызметшінің шынайы келбетін айқындайды.

Подполковник Р.АСАДИЛОВ,
«OS-ЧР». Суретті түсірген
аға сержант Н.АНАРБАЕВ.





2014 жылдан бастап Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінде келісімшарт негізінде қызмет атқарып келеді. Қызмет барысында өзін жақсы қырынан көрсетіп келеді.

12 жылдан астам уақыттан бері мемлекеттік шекараның әр түрлі учаскелерінде соның ішінде, «Ақырап», «Терісаққан» шекара бөлімшелерінде және «Жайсан» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімінде қызмет еткен. 2023 жылдан бүгінгі күнге дейін — «Жайсан» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімінде бақылаушы лауазымында қызметін атқарып жүр.

Шекаралық бақылау бөліміндегі бақылаушының жұмысы сырт көзге қарапайым көрінгенімен, оның астарында үлкен жауапкершілік жатыр. Әрі, құжаттың түпнұсқалығын, қорғаныс элементтерінің түгелдігін қас қағым сәтте анықтай алуы да маңызды. Халықаралық көші-қон заңнамалары мен шекаралық ережелерді жетік білуі шарт. Ал, Ізгілік Жұмабаев осы қасиеттерді бойына сіңірген, талапшыл маман. Оның жұмыс үстелінде орын алатын кез келген салғырттық ел қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі әбден мүмкін.



ҚЫРАҒЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕТІН МАМАН ИЕСІ

Бүгінде антына адалдық танытып, ел тыныштығын күзетіп жүрген майталман мамандардың бірі — кіші сержант Ізгілік Жұмабаев. Кіші сержант Ізгілік Жұмабаев 1994 жылы Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жарық ауылында дүниеге келген. 2011 жылы Жарсай орта мектебін бітіріп, Отан алдындағы борышын өтеу үшін Аягөз қаласындағы (қазіргі Абай облысы) №10810 әскери бөлімінде қызмет атқарды. Әскери қызмет оның бойында тәртіптілік, жауапкершілік және парызға деген берік ұстанымды қалыптастырды.

Өткен 2025 жылдың департамент бойынша жауынгерлік қызметінің қорытындысына сай Ізгіліктің «Үздік бақылаушы» атануы кездейсоқтық емес. Бұл — оның қырағылығының тікелей жемісі. Бір жылдың ішінде ол көші-қон заңнамасын бұзған 25 жағдайды анықтады. Өзге адамның құжатымен шекара асқысы келген 3 заң бұзушыны құрықтап, автокөлік құжаттарындағы 3 жалған фактіні өшкереледі, сонымен қатар қос азаматтықпен заңды айналып өтпек болған тұлғаны анықтады. Бұл сандардың артында мемлекеттік бюджеттің бүтіндігі мен шекаралық тәртіптің сақталуы тұр.

Ізгілік Саматұлы мектеп жасынан бастап спортпен белсенді айналысқан. Жеңіл атлетикадан

1-разряд атағының иегері, аудандық және облыстық жарыстардың жүлдегері. Жақсы дене дайындығы мен төзімділік оған қызметтік міндеттерін тиімді орындауға көмектеседі.

Күнделікті өмірде ол — үлгілі әке, отбасына қамқор азамат. Жұбайы Ақботамен бірге төрт қыз тәрбиелеп отыр. Үлкені 3-сыныпта оқиды, кішісі небәрі 2 жаста. Отбасы үшін — сенімді тірек, ал мемлекет үшін — антына адал шекарашы. Оның қызметі — Отанға адал әрі шеберлікпен қызмет етудің жарқын үлгісі.

**Аға лейтенант
Ж.ШАРМАКОВ,
«OS-ЧР». Суретті түсірген
қатардағы жауынгер
С.БУРКИТОВ.**

В ПОТОКЕ СИГНАЛА

Есть служба, которую не видно. Без выездов, без показательных задержаний, без громких эпизодов. Но именно через неё проходит всё - каждая информация, каждое сообщение, каждая ситуация на участке.

Сержант Капизов Женис Жанибекович - из тех, кто эту работу знает изнутри.



Его служебный путь складывался так, что большая его часть прошла в дежурных подразделениях. Там, где нет права отвлекаться, где каждая минута - в режиме ожидания сигнала, а каждая поступившая информация требует внимания и точности.

Сначала — срочная служба в Жаркенте, затем в Маканчах, где формируется основа: дисциплина, выносливость, понимание воинского порядка. Затем — возвращение в Пограничную службу уже осознанно, с пониманием, что это не временный этап.

Пограничная застава, комендатура, разные участки — но характер службы остаётся схожим: постоянная включённость в процесс, работа с информацией, ответственность за каждое принятое и переданное решение.

Десять лет на комендатуре «Кішкенекөл» — это не просто срок. Это опыт, который формируется в дежурных сменах, в ночных часах, в ситуациях, когда от своевременной передачи информации зависит дальнейшее развитие событий.

Такая работа не любит спешки, но и не прощает задержек.

Сегодня сержант Капизов Женис Жанибекович — оператор боевого информационного поста. Через него проходит информация со

всех подразделений участка Государственной границы Департамента по Северо-Казахстанской области.

Он принимает её, анализирует, сопоставляет и передаёт дальше — в центр. Быстро. Точно. Без искажений. Это та работа, где важно не просто услышать, а правильно понять. Не просто передать — а сделать это вовремя и в нужной форме.

Фактически это точка, в которой сходятся все линии — от удалённого пограничного наряда до центра управления, где формируется оперативная картина.

Такая служба требует особой концентрации. Нельзя «выпасть», нельзя пропустить деталь, нельзя позволить себе усталость в неподходящий момент. Это работа на постоянной связи.

О таких специалистах редко говорят на первых страницах. Но именно они обеспечивают то, без чего невозможна ни одна операция, ни одно задержание, ни один пограничный наряд — точную и своевременную информацию. Он не находится на переднем плане. Но именно через него проходит всё, что происходит на границе.

**Майор Д.МУКАЖАНОВА, «OS-ЧР».
Фото автора.**

САНАЛЫ ТАҢДАУ — БЕРІК БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаментінің Зайсан ауданы бойынша Шекара басқармасына қарасты Қасым Қайсенов атындағы шекара бөлімшесінде мерзімді әскери қызметін абыроймен атқарып жүрген қатардағы жауынгер Кәрім Жағафаровпен сұхбаттасудың сәті түсті.

— Кәрім, өзіңіз туралы қысқаша айтып өтсеңіз.

— Мен 2004 жылғы 28 тамызда Қостанай облысы, Денисов ауданы, Аят ауылында дүниеге келдім. 2021 жылы академик Т.Б. Даркамбаев атындағы Аят жалпы білім беретін мектебін аяқтап, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетіне оқуға түстім. 2025 жылы «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы бойынша жоғары білім алып шықтым. Сол жылы күзде өз еркіммен әскер қатарына келдім.

— Әскери қызметті таңдауыңызға не себеп болды?

— Бұл — бала кезден қалыптасқан арманым десем болады. Әкем шекара қызметінде жұмыс істейді. Сол кісінің

қызметін көріп өстім. Шекарадағы өмір, тәртіп, жауапкершілік маған әрдайым ерекше әсер ететін. Сондықтан бұл мен үшін саналы әрі нақты таңдау болды.

— Қасым Қайсенов атындағы шекара бөлімшесінде қызмет ету сізге қандай әсер қалдырды?

— Бұл бөлімшеде қызмет ету — үлкен мәртебе. Батыр атамның есімі бізге ерекше рух береді. Әрбір әскери қызметші өз ісіне жауапкершілікпен қарап, сол кісінің ерлігіне лайық болуға тырысады. Бұл жер мені одан сайын жігерлендіреді.

— Әскердегі достық туралы не айтар едіңіз?

— Әскерде нағыз достық қалыптасады. Біз бірге қиындықты да, қуанышты да бөлісеміз. Осы жерде тапқан достарым — мен үшін өте жақын жандар.

Бұл достық өмір бойы сақталады деп ойлаймын.

— Қызмет барысында қандай маңызды нәрсені түсіндіңіз?

— Ең алдымен, ата-ананың қадірін терең түсіндім. Үйден жырақта жүргенде олардың еңбегі мен қамқорлығының қаншалықты маңызды екенін сезінесің. Сонымен қатар, Отанға қызмет етудің үлкен жауапкершілік екенін ұқтым.

— Болашаққа жоспарыңыз қандай?

— Мерзімді әскери қызметімді аяқтаған соң, әскери әулет дәстүрін жалғастырып, ҚР ҰҚК Академиясына оқуға түсуді жоспарлап отырмын. Болашақта кәсіби әскери қызметші болып, елімнің қауіпсіздігіне өз үлесімді қосқым келеді.

Жас сарбаз Жағафаров Кәрімнің бұл таңдауы — оның өмірге деген байыпты көзқарасын, Отан алдындағы жауапкершілігін айқын көрсетеді. Осындай жігерлі де мақсатшыл жастар барда ел шебі берік, тәуелсіздігіміз тұғырлы болары сөзсіз.

**Подполковник
Ф.БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет департаменттен.**





ӘУЕЖАЙДАҒЫ ҚЫРАҒЫ КӨЗ



Ел қауіпсіздігі – шекарадан басталады. Ал халықаралық әуе қатынасы тоғысқан нүктелердегі бақылау – ерекше қырағылық пен кәсіби біліктілікті талап ететін күрделі қызмет. Осындай жауапты міндетті абыроймен атқарып жүргендердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаментіне қарасты Өскемен (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесінің бақылаушысы ефрейтор Нұрлан Бидахметов.

Нұрлан Азаматұлы 1999 жылдың 19 ақпанында Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында дүниеге келген. 2014 жылы №43 орта мектепті тәмамдаған соң, сол жылы Өскемен стоматологиялық колледжіне оқуға түсіп, тіс техникі мамандығын меңгерді. 2017 жылы оқуын аяқтаған жас маман еңбек жолын «Евразия дент» стоматологиясында бастап, кәсіби тәжірибе жинақтайды.

Өмір жолындағы ізденіс оны түрлі салада шыңдады. 2018-2019 жылдары «Жедел-Күзет» ЖШС-де аға жүргізуші-күзетші қызметін атқарып, жауапкершілігі жоғары жұмыстың қыр-сырын меңгереді. Ал 2019 жылы Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскер қатарына шақырылып, Алматы облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентінде десанттық-шабуылдаушы әскерлер қатарында қызмет өтейді. Әскери өмір оны тәртіпке, төзімділікке және батыл шешім қабылдауға үйретті.

Әскерден кейін де ол еңбек жолын жалғастырып, азаматтық қызметте тәжірибе жинайды. Алайда ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы қызметке деген қызығушылығы оны жаңа белеске жетелейді. 2021 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметі қатарына қабылданып, жылжымалы кешеннің стоматологиялық кабинетінде медициналық аға ретінде қызмет атқарады. Бұл кезеңде ол тек әскери емес, медициналық бағытта да кәсіби шеберлігін көрсетті.

2022 жылдан бастап Өскемен қаласындағы авиациялық шекаралық бақылау бөлімшесінде бақылаушы ретінде қызмет атқарып келеді. Әуежайдағы шекаралық бақылау – тәулік бойы тоқтаусыз жүретін, әрбір ұсақ детальға дейін назар аударуды қажет ететін күрделі процесс.

Ефрейтор Нұрлан Бидахметов осы міндетті жоғары деңгейде орындап келеді. Қызмет барысында ол бірнеше рет заңсыз әрекеттердің жолын кескен. Атап айтқанда, төрт мәрте қос азаматтық фактісін анықтап, үш рет ірі көлемдегі қолма-қол ақшаны заңсыз алып өтпек болған азаматтарды ұстаған. Бұл көрсеткіштер оның кәсіби қырағылығы мен жауапкершілігінің нақты дәлелі.

Қызметтен тыс уақытта Нұрлан салауатты өмір салтын ұстанады. Спорт – оның өмірінің ажырамас бөлігі. «Дзюдо» және «Қол күресі» бойынша спорт шеберлігіне үміткер дәрежесіне ие болуы – оның тек қызметте ғана емес, өмірдің барлық саласында табандылық танытатынын көрсетеді. Спорт арқылы ол өз бойындағы төзімділік пен ерік-жігерді шыңдап, қызметіне де серпін береді.

Бүгінде ефрейтор Нұрлан Бидахметов – ел шебіндегі сенімді сарбаздардың бірі. Оның қызмет жолы – жас буын үшін үлгі, ал адал еңбегі – Отан қауіпсіздігінің берік кепілі.

Подполковник Ф.БАКЕТОВ, «OS-ЧР». Сурет департаменттен.

ШЕКАРАШЫ МЕН ОНЫҒ СЕНІМДІ СЕРІГІ

Ер азаматтың болмысы оның сөзінен гөрі, өзіне жүктелген міндетіне деген адалдығынан айқын көрінеді. Қырағылық пен жауапкершілік қатар таразыға түсетін қызметте барлығы бірдей шыңдала бермейтіні рас. Әр ауысым жаңа міндет жүктеп, әр тексеріс байыптылық пен кәсібилікті талап ететін ортада абыроймен қызмет етіп жүрген шекаралықтардың бірі - ҚР ҰҚК Шекара қызметінің «Қосақ» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесінің аға нұсқаушысы, кіші сержант Жанболат Өскембаев.

Жанболат 1991 жылы Павлодар облысы, Шарбақты ауданында дүниеге келген. Бүгінде отбасылы, бір ұл тәрбиелеп отырған әке. Шекара қызметіне ол 29 жасында келеді. Біреуге бұл кеш басталған жолдай көрінуі мүмкін. Алайда адам өз орнын кейде ерте, кейде кеш табады. Ең бастысы таңдауыңның жүрек қалауымен жасалуында.

Қызметке қабылдану барысында барлық сынақтан сүрінбей өткен соң, мандат комиссиясының құрамы оған кинолог болуды ұсынады. Ол өрине бірден келісе кетеді. Осылайша арнайы даярлықтан өтіп, еңбек жолын «Амангелді» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесінен бастайды. Кейін «Шарбақты» автомобильдік шекаралық бақылау бөлімшесінде қызметін жалғастырып, бүгінде «Қосақ» автомобильдік шекаралық бақылау бөлімшесінде еңбек етіп жүр. Әр бөлімше оның тәжірибесін байытып, кәсіби шеберлігін шыңдағаны анық.

Кинологтың қызметі шекаралықтан шыдамдылықты талап етеді. Бұл мамандықта адам мен қызметтік иттің арасындағы байланыс аса маңызды. Жанболаттың жанындағы сондай сенімді серігі «Сальва» атты неміс овчаркасы.

Шекарадағы күндердің бірі екіншісіне ұқсамайды. Сырт көзге бәрі бірқалыпты көрінгенімен, әр ауысымның өз сынағы болады. Жанболаттың жадында қалған ең алғашқы шекара бұзушыны қолға түсіруінің бірі соның дәлелі.

Бүгінде «Қосақ» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесінің басшылығы Жанболаттың еңбегіне оң баға беріп, өз ісіне тиянақты, қызметтік міндетіне мұқият қарайтын маман ретінде құрметтейді.



Ал біз өз кезегімізде Жанболат Төлегенұлын көпшілікке үлгі қыла отырып, оның абыройлы қызметі алдайы уақытта да толайым табысқа ұласа берсін деп тілейміз.

Майор Г.САДЫКОВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген аға лейтенант Н.ӘЛІПБАЕВ.

АКЖОЛ СЕЙДАЗЫМ: СЛУЖБА, ГДЕ ВАЖНА КАЖДАЯ МИНУТА

Государственная граница это не просто линия на карте. Это ежедневная работа, требующая выносливости, дисциплины и полной самоотдачи. Именно такую службу несёт Сейдазым Акжол Ермуханулы - военнослужащий пограничного отделения «Желкуар» Департамента Пограничной службы КНБ РК по Костанайской области.

Он родился 9 августа 1999 года в городе Аркалык, детство провёл в селе Аманкарагай Аулиекольского района. После окончания школы поступил в Костанайский инженерно-экономический колледж, однако уже в 2019 году был призван на срочную военную службу. Первые навыки получил в учебном центре воинской части 2535 в Куршимском районе Восточно-Казахстанской области, после чего продолжил службу в пограничном подразделении «Орел».

«Когда только приходишь на границу, не до конца понимаешь масштаб ответственности. Но с каждым днём осознаёшь: за тобой стоит страна, и ты отвечаешь за её безопасность», - отмечает военнослужащий.

В 2021 году Акжол принял решение продолжить службу по контракту и был назначен разведчиком-пулемётчиком в пограничное отделение «Желкуар» Житикаринского района. Здесь он прошёл путь становления, набрался опыта, научился быстро принимать решения в сложных условиях и действовать в составе подразделения.

С 2025 года он возглавляет мобильную группу одно из ключевых звеньев в системе охраны государственной границы. Эта должность требует не только профессиональной подготовки, но и лидерских качеств, умения нести ответственность за личный состав.

«Пограничная служба это не просто работа. Это образ жизни, где важна каждая минута и каждое принятое решение», - говорит Акжол.

Несмотря на напряжённый ритм службы, он остаётся семейным человеком. У него есть супруга и сын. В редкие свободные часы старается быть рядом с семьёй, считая это своей главной опорой.

Сегодня такие военнослужащие, как Акжол Сейдазым, обеспечивают спокойствие и безопасность страны. Их служба — это ежедневный труд без лишних слов, но с высокой ответственностью за каждую пядь родной земли.

Старший лейтенант Н.САКЕН, «OS-ЧР». Фото с семейного архива.



ФИЛОСОФ ДАҒҚЫНА ҚЫЗЫҚСАҢЫЗ..., КІТАП ОҚЫҢЫЗ



Рухани, мәдени иммунитеті мықты елдің іргесі де берік, сапасы да жақсы болары сөзсіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастама көтеріп, халықты кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға шақырғаны есте. Содан бері Ұлттық кітап күнін ұлықтауға арналған шаралар жиі өтіп, әсіресе жастарды кітап оқуға баулу қарқын алған.

Жаңа Қазақстанның жастары біле ме? Сол еді, бізді қызықтырған. Тағы қол көтерген бірнеше жауынгердің бірінен: «Жарайсың, білетіңізге күмән жоқ. Айта қойшы, Сәуле апаңның қай кітабын оқыдың?» деп сұрадық. Ол тосылған жоқ, бірден: «Ауылдан шыққан миллионер», деп сақ еткізді...

... Тәрбиелік, идеологиялық және кадрлар жұмыс басқармасы мен «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы қалалық филиалы бірлесіп ұйымдастырған «Кітап – ұлттың рухани өзегі» атты кештің жүргізушісі Салтанат Биғабылова жиналған қауымға көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс салаларының ардагері, «Жаным садаға» атты ғұмырнамалық кітаптың авторы, Халық Қаһарманы, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев бастаған құрметті қонақтарды таныстырды. Әрі қарай, кешті департамент бастығының міндетін уақытша атқарушы полковник Айдос Алиев ашқан соң алғашқы сөз Ұлттық қауіпсіздік органдарының ардагері отставкадағы генерал-майор Шаймұрат Отарбаевқа берілді. Тәуелсіздікке тізесі бүгілгенше қызмет еткен кеш қонағы «Кітап – бұл тек параққа түскен сөз ғана емес, Бұл – ұлттың жаны, халықтың жады, тарихтың тірі куәсі, қай кезеңде де елді алға сүйреген – білім, ал білімнің қайнар көзі – кітапта» екеніне ерекше тоқталды.



Жампеисовалар өздерінің әсем әндерімен әрлеген. Қос өнер дүлдүлінің шеберлігіне үндестік танытқан біздің жауынгерлердің бірі – Асқар Қожабек те С.Тұрысбектің «Ақ жауын» күйін орындап, кештің көркін аша түсті.

Алдымен Сәт Бесімбайұлы мінберге көтеріліп, өзінің ел қауіпсіздігі жолындағы әскери қызметі туралы әріден әңгіме қозғап, әсіресе жеке құрамды жақсы әсерге жетелеп отырды. Бұл орайда, Сәуле Мағазбекқызының да айтары аз болған жоқ. Жас сарбаздарға өзінің аналық ақылын айтып, әскери өмірдің қиындығына мойымауға шақырды. Өз өмірінің сәулелі тұстарын тілге тиек етіп, оқырмандарының жүрегіне нұр құйғандай әсер қалдырған...

Айтпақшы, қатардағы жауынгер Димаш Шәйлін Халық Қаһарманы Сәт Тоқпақбаев пен жазушы Сәуле Досжанға арнауын жеті тілде әсерлі жеткізсе, сарбаз Александр Дуденко

өз армандарын ана тілімізде жатық та көркем өрнектеп, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Осылайша, кітапқұмар шекарашылардың көзайымына айналған кеш еркін форматтағы сұрақ-жауапқа ұласқан. Бұл орайда, біздің сарбаздар да тартынып қалмаған. Алдымен Сәт Бесімбайұлына, сосын Сәуле апайға қатардағы жауынгерлер: Бекнұр Айдарбеков, Ильяс Нұрислам, Еркін Абзал, Жақсылық Мақсаттардың қойған сауалдары да ой саларлық еді...

Иә, департаменттің кітапхана меңгерушісі Мырзайым Өтебаеваның игі бастамасымен өткен кеш Ұлттық кітап күнін ұлықтау ғана емес, қаламы қарымды жазушыларға да көрсетілген зор құрмет!

**Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «ОС-СР».
Суреттерді түсірген автор.**

Көктемгі әскерге шақыру науқаны саябырсыған күндердің бірінде ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының Ақжардағы оқу базасына жолымыз түскен. Мұнда 400-дей сарбаз шекаралық шеберліктерін шыңдауға кірісіп кеткен. Мақсат, солардың ішінен кітапқұмарларды іріктеп, Ұлттық кітап күніне арналған кешімізге тарту. Сондықтан, біздің: «Араларыңда кітапқұмарлар бар ма?», деген сауалымызға қол көтерген сарбаздарды командирлері саптан шығуға бұйрық берген...

Сұрастырып көрсек, бір сарбаз «Абай жолын» оқыпты. Өзінің тым жастығына қарамастан... Ал екінші жас жігіт жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық, мол жылдар» деген танымал шығармасын оқығанын айтқан кезде сәл «тосылып» қалғанымыз шындық. Мұның соңғы оқыған кітабы екенін айтқанда неге екенін, осы бір қазақтың қара домалағына деген ризашылығымыз кемерінен асып төгіліп еді... Сосын «Кім Сәуле Досжан деген жазушыны біледі», деді. Мұндағы ой, алда болатын кештің қонағы танымал қаламгерді

КІТАП ИІСІ АҒҚЫҒАН КҮН

23 сәуір – руханияттың мерекесі. Бұл күн – Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні ретінде әлемнің түкпір-түкпірінде аталып өтеді. Адамзатқа ортақ бұл мейрамды ЮНЕСКО бекітіп, оның басты мақсатын – кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, баспа ісін дамыту және авторлық құқықты қорғау деп айқындаған.

Бұл күннің символдық мәні де терең. Әдебиет алыптары – Мигель де Сервантес пен Уильям Шекспир дәл осы күні өмірден өткен. Уақыт өткен сайын олардың шығармалары құндылығын жоғалтпай, керісінше, жаңа буынмен қайта қауышып келеді.

Осы мереке аясында «Отан сақшысы – Часовой Родины» газетінің журналистер ұжымы елордада өткен «Eurasian Book Fair» көрмесіне барып, рухани дем алып қайтты. Кітаптың иісі аңқыған кең зал, жаңа басылымдар, авторлармен жүздесу – мұның бәрі ерекше әсер сыйлайды. Әр сәре – жаңа әлем, әр кітап – жаңа ой.

Фестиваль тек көрме емес, ол – оқырман мен автор арасындағы тірі диалог. Біз үшін бұл сапар күнделікті қарбаластан бір сәт алыстап, кітаппен сырласуға мүмкіндік берген ерекше сәт болды.

Әріптесіміз журналист лейтенант Диас Жамухамбетовтің әсері бөлек. Ол көрмеден Мұхтар Шахановтың өлеңдер жинағын сатып алып, өз әсерімен бөлісті: Кітапты қолға ұстап, жай ғана оқи бастағанның өзінде ерекше сезім



аласың. Мұхтар Шахановтың әр жолы – терең мағына, ұлттық рух. Оның өлеңдерін оқығанда ойың тазарып, рухың көтеріледі, – деді ол.

Көрме барысында біз жас қаламгерлердің де қадамдарына куә болдық. Орал қаласынан келген Арлан мен Аслан Айтқалиевтердің «Гарольд пен Ларабелль. Кітаптар патшалығы» атты ертегісі оқырманға жол тартыпты. Жас



авторлардың басты мақсаты – өз замандастарын кітапқа жақындату. Жас жазушылардың талпынысы кітап әлемінің жалғаса беретінін көрсетеді. Ал мұндай бастамалар – оқырман мәдениетінің болашағына сенім ұялатады.

Eurasian Book Fair – тек кітап сатылатын орын емес. Ол – идеялар тоғысатын, шабыт оянатын, руханият жаңғыратын кеңістік. Біз

бұл жерден тек жаңа кітаптар емес, жаңа әсер, жаңа энергия алып қайттық.

Кейде бір күннің өзі адамға көп нәрсе сыйлайды. Біздің бұл сапарымыз – соның дәлелі. Кітаппен өткен бір күн – ойға тыныс, жүрекке жылу.

**Подполковник Ж.КЕМЕЛ, «ОС-СР».
Суреттерді түсірген Д.КУАНЫШЕВ.**



ЕРЛІК – ҰРПАҚҚА МҰРА

Ұлы Отан соғысы халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталатын тарихи кезең. Сол бір сұрапыл жылдары елің, жерің қорғау үшін майданға аттанған азаматтардың ерлігі - бүгінгі бейбіт өмірдің негізі. Осындай батыр тұлғалардың бірі - Тұрсын Өкісханов. Тұрсын Өкісханұлы 1917 жылы 1 қазанда Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Қара-Ертіс бойындағы Архат ауылында дүниеге келген. Балалық шағы ауыл тіршілігімен, еңбекпен тығыз байланыста өтті. Жастайынан елге адал еңбек етуді мақсат етіп өсті.

1939 жылы әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Әскери қызметін абыроймен атқарып, елге оралуға дайындалып жүрген сәтте Ұлы Отан соғысы басталып, осындай шешуші кезеңде ол туған жерін қорғау үшін майданда қалуды жөн көреді. Бұл оның елге деген адалдығы мен шынайы патриоттығының айқын көрінісі еді. Майдан даласында Тұрсын Өкісханұлы түрлі әскери құрамаларда қызмет етті. Ол Польша жерінде 162-ші атты әскер полкінің құрамында болып, 1942 жылы 48-ші мотополкте, ал 1944 жылы 124-ші мотоатқыштар полкінде жауынгерлік міндетін жалғастырды. Соғыс жылдары Украина, Беларусь, Польша, Бессарабия, Румыния жерлерін азат етуге қатысып, көптеген шайқастарда ерлік көрсетті.

Жауынгердің батылдығы мен табандылығы жоғары бағаланды. Ол Ұлы Отан соғысының II



дәрежелі «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен, «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен және көптеген грамоталармен марапатталды. Бұл марапаттар оның майдандағы жанқиярлық ерлігінің дәлелі. Соғыс аяқталған соң, Тұрсын Өкісханұлы туған жеріне оралып, бейбіт өмірге белсене араласты. Қаратал совхозында комбайнер, тракторист болып еңбек етті. Ол өз ісінің нағыз шебері ретінде танылып, ауыл шаруашылығын дамытуға зор үлес қосты. Еңбектегі табыстары үшін бірнеше мәрте мадақтамалар мен алғыс хаттарға ие болды. Еңбекқорлығы мен кәсібилігінің арқасында ол екі рет Мәскеуде өткен халық шаруашылығы көрмесіне үздік мамандардың қатарында қатысып қайтты. Сонымен қатар, төрт рет Қаратал ауылдық кеңестің депутаты болып сайланып, ел сенімін ақтады. Еңбегі еленіп, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Қай салада болмасын, Тұрсын Өкісханұлы өз ісіне жауапкершілікпен қарап, адал қызмет атқарды. Өмір жолында ол үлкен әулет қалыптастырды. Артында 9 ұрпақ қалдырып, 6 ұл мен 3 қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде оның ұрпақтары аталарының ерлігі мен еңбегін мақтан тұтып, жалғастырып келеді. Тұрсын Өкісхановтың өмірі - ерлік пен еңбектің, адалдық пен табандылықтың жарқын үлгісі. Осындай батыр ардагерлеріміздің тағдыры кейінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін, елге деген сүйіспеншілікті арттыратын асыл мұра.

Қатардағы

А.НҮКЕШОВ, «OS-ЧР».

Сурет отбасылық мұрағаттан.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН!

Кеше ғана сапта иық тірестіріп тұрған сарбаздар бүгін жаңа өмір белесіне аяқ басып тұр. Уақыт өз ырғағымен алға жылжығанымен, шекара шебінде өткен әрбір күн олардың жан дүниесіне өзшеп із қалдырды. Таңғы саптағы жинақылық, түнгі күзеттегі қырағылық, бұйрыққа деген бұлжымас бағыну — бәрі-бәрі олардың болмысын өзгертіп, жігерін шыңдады.

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінде «Срочник 2.0» жобасы аясында қызметін абыроймен аяқтаған сарбаздар енді тек әскери өмірдің ғана емес, білім мен болашақтың жаңа есігін ашқалы тұр. Олар үшін бұл маңдай термен келген мүмкіндік, адал қызметтің өтеуі іспетті.

Салтанатты сәт. Қолдарына табысталған сертификаттар — үнсіз сөйлейтін тағдыр куәсіндей. Биыл осындай мүмкіндікке ие болған 35 сарбаздың әрқайсысының жүрегінде бір ғана сезім — алғыс пен жауапкершілік қатар ұялаған. Әр парақтың артында — күзгі суықта қалтыраған қарауыл, жазғы аптапта тынбай өткен жаттығу, жауапкершіліктің жүгін ерте сезінген жүрек бар. Бұл қағаз — жай ғана грант емес, ол — сенім. Мемлекеттің өз ұлына артқан үміті.

Кейбірі азаматтық жоғары оқу орындарына бет түзеп, жаңа мамандық игеруге бел буып отыр. Ал енді бірі әскери

ШЕКАРАДАН БАСТАЛҒАН ЖОЛ БІЛІММЕН ЖАЛҒАСАДЫ

оқу орындарының табалдырығын аттап, офицер болуды мақсат етеді. Олардың таңдауы әртүрлі болғанымен, түпкі мұраты бір — елге қызмет ету.

Кешегі сарбаз бүгін талапкер. Бірақ ол бұрынғыдай емес. Ол — шыңдалған, сабырлы, жауапкершілікті жан. Шекара оны тек қорғаушы ғана емес, ойы орныққан азамат етіп қалыптастырды. Сондықтан да алда тұрған емтихан мен жаңа орта олар үшін жат емес, керісінше жаңа бір сын, жаңа мүмкіндік.

Күн батар шақта бөлімше іші баяу ғана тыныштала бастайды. Бірақ бұл тыныштықтың

астарында үлкен қозғалыс жатыр — өмірдің жаңа кезеңіне жасалған қадам. Бір кезде әскери бөлім ауласынан басталған жол енді университет аудиториясына, әскери оқу орындарының сап түзеген алаңына қарай жалғасады.

Ел шебін күзеткен сарбаздардың ендігі міндеті — ел болашағын біліммен қорғау.

Сарбаздық жолмен шыңдалған жүрек енді білім жолында да тайсалмайды...

Капитан А.ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».

Сурет департаменттен.



ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Көктем келіп, күн райы жылынған сайын тілсіз жаудың да қауіп арта түсетіні жасырын емес. Осы орайда, төтенше жағдайлардың алдын алу және адам өмірі мен материалдық құндылықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ҰҚК Шекара қызметі ықтимал қауіп-қатерге сақадай сай болу үшін кешенді өрт-тактикалық оқу-жаттығуын өткізді.



Оқу-жаттығу Күзет және қамтамасыз ету басқармасының бастамасымен Шекара қызметінің Астана қаласындағы Желтоқсан көшесі 48 және Затаевич көшесі 13 мекенжайларында орналасқан нысандарында жүргізілді. Жаттығудың шынайы жағдайға барынша жақын болуы үшін оған Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің кәсіби мамандары, атап айтқан-

да Байқоңыр ауданына қарасты №5 және Сарыарқа ауданына қарасты №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімдерінің жеке құрамы қатысты.

Шараға толықтай жұмылдырылған әскери қызметшілер, мекеме қызметкерлері мен жұмысшылары дабыл қағылған сәттегі алғашқы әрекеттерін іс жүзінде жан-жақты тексерді. Оқу-жаттығу жоспарына сәйкес шартты

түрде тұтанған өрт ошағын кезекші қызмет жедел анықтап, ғимарат ішіндегі адамдарды қауіпсіз аймаққа дүрбелеңсіз көшіру, алғашқы өрт сөндіру құралдарын тиімді пайдалану, сондай-ақ Шекара қызметінің бөлімшелері мен келіп жеткен ТЖД құтқарушылары арасындағы өзара үйлесімді әрекет ету міндеттері сәтті орындалды.

Өрт қауіпсіздігі маманы капитан Гинаят Негметов: «Мұндай оқу-жаттығулар әскери қызметшілердің төтенше жағдай кезіндегі психологиялық және физикалық дайындық деңгейін арттырып қана қоймай, нақты қауіп төнген сәтте адам өмірін аман алып қалуға және мемле-

кет мүлкінің орасан зор материалдық шығынға ұшырауының алдын алуға мүмкіндік береді», – деп атап өтті.

Осы ретте құтқарушылар жалпы өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша бірқатар маңызды кеңестерді қаперге салады. Ең алдымен, электр желілері мен құралдарының ақаусыз жұмыс істеуін үнемі қадағалап, тоқ көзіне қосылған құрылғыларды қараусыз қалдырмау қажет. Сондай-ақ, мекемелер мен тұрғын үйлердегі эвакуациялық шығу жолдарының әрдайым ашық тұруын қамтамасыз етіп, әрбір адам алғашқы өрт сөндіру құралдарын (отсөндіргіштерді) пайдалану ереже-

лерін жіті білгені абзал. Бұдан бөлек, көктем мезгіліндегі аула тазалау жұмыстары кезінде құрғақ шөп пен жапырақтарды жағудан барынша сақ болып, отпен байқап жұмыс істеу сұралады.

Қауіпсіздік – уақыт пен мезгіл таңдамайтын, әрдайым басты назарда болуы тиіс аса маңызды мәселе. Шекара қызметі осы бағыттағы жүйелі жұмыстарын алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғастырып, қызметкерлердің өрт қауіпсіздігі мәдениетін арттыра бермек.

**Лейтенант А.КИРГИЗБАЕВ,
«OS-ЧР». Суреттер
басқармадан.**

ПОЭЗИЯ

ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІ

Шекараны көз ілместен күзеткен,
Бұзушыны дұрыс жолға түзеткен.
Жеке құрам бөлімшенің ең мықты,
Жүрек жұтқан, қасқыр мінез, жан жақты.

Бөлімшеде ақылды бар, мықты бар,
Сөзге келсе ақыл айтар жақты бар.
Барлығының қыр-сырларын білетін,
Адал жүріп, өз жұмысын көретін,
Антына берік болып тезетін,
Отанына адал болып жүретін.

ШЕКАРАШЫ БОЛУ БОЛДЫ АРМАНЫМ

Шекарашы болу болды арманым,
Арманымды орындадым талмадым.
Кең байтақ ұлан ғасыр даламды
Мыңда шүкір маған нәсіп қылғанын.

Қара дауыл, құмды құйын,
өзен көлдерді кешеміз,
Қара тауды қақ айырып өтеміз.
Армандар мен мақсаттарға жетеміз,
Нық қадамды басып өтіп келеміз.

Байлықта бар әдемілікпен үйлескен,
Талай ақын домбырамен күй терткен.
Қыр сырларын көру маған даламның,
Ата бабам маған үлкен сый еткен.

**Аға лейтенант
Ж.ТАНЖАРБАЕВ.**

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ «ШЫҢДАЛЫ»

Алматы қаласында өткен Қазақстан Жазушылар одағының дәстүрлі әдеби жыл қорытындысында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің әскери журналисі Манарбек Қарекенов Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды.



Қаламгердің шығармашылық жолындағы маңызды белес әрі оның әдебиет пен әскери журналистика саласындағы еңбегіне берілген жоғары баға.

Манарбек Қарекеновтің Жазушылар одағы қатарына қабылдануы – тек жеке жетістік қана емес, сонымен қатар әскери-патриоттық бағыттағы шығармашылықтың қоғамдағы орны мен маңызын айқындайтын айрықша оқиға. Оның туындыларында Отанға деген адалдық, шекара қызметінің жауапкершілігі, ел қауіпсіздігін күзет-

кен сарбаздардың рухы көркем бейнеленеді. Бұл бағыттағы еңбектер жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруға зор ықпал етеді.

Қаламгердің шығармашылық қоржынында оқырман тарапынан жылы қабылданған бірнеше еңбек бар. Солардың қатарында «Қанжар» атты жыр жинағы ерекше орын алады. Жинаққа енген өлеңдерде ерлік, намыс, Отан алдындағы борыш секілді тақырыптар терең толғаныспен жырланған. Ақынның поэтикалық тілі мен бейнелеу шеберлігі оның ішкі рухани әлемін, шекарашы өмірінің қыр-сырын жеткізеді.

Сонымен қатар, Манарбек Қарекенов балалар мен жасөспірімдерге арналған «Киберқасқыр» атты кітабымен де кеңінен танымал. Аталған шығарма заманауи тақырыптарды қозғай отырып, жас оқырманға түсінікті әрі қызықты тілмен жазылған. Кітапта цифрлық дәуірдің ерекшеліктері мен қауіптері, жас буынның ақпараттық ортадағы мінез-құлқы көркем сюжет арқылы баяндалады. Әдебиет зерттеушілері бұл еңбекті жоғары бағалап, оның тәрбиелік және танымдық мәніне ерекше назар аударуда.

«Киберқасқыр» кітабының мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көруі – автор шығармашылығына деген сенім мен қолдаудың көрінісі. Бұл жоба кітаптың кең аудиторияға жол тауып, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында кеңінен таралуына мүмкіндік береді.

Манарбек Қарекеновтің әдебиет әлеміндегі бұл жетістігі – әскери журналистиканың да мәртебесін арттыратын маңызды қадам. Оның шығармашылығы – Шекара қызметі мен әдебиеттің тоғысқан тұсындағы ерекше құбылыс. Қаламгер алдағы уақытта да ұлттық рухты көтеретін, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беретін мазмұнды туындыларымен оқырманын қуанта беретіні сөзсіз.

**Майор Ж.ӨМІРОВА.
Сурет Қазақстан
Жазушылар одағынан.**



Алғашқы әскери-патриоттық мультхикая

ШЕКАРАШЫ БАЛАҚАЙ

7-9 мамыр | 11:50-де | 15:40-та

«БАЛАРАН» ТЕЛЕАРНАСЫНАН ТАМАШАЛАҢЫЗДАР!



«Маған күндерге жамтайық, жамуған!»

Қайтың күн, қадірі отбасы! Аздерге деген шексіз сатановшылар дурейімен қатаз бетіне түсіруді мен көрдім. Осы бір сартайтан сатыншыға тәлім жаздар арқылы арадағы қашақтың аз да болса жаңадай түскендей әсер қалдырады. Ардақ болса кейде аяқта түріп жарандардың қадірін тереңірек ұғар екен. Менде аздерден жаранта жүріп, отбасының еркі болса, бала жетпес бейнесі екенін аяқ түсірдім. Мына матаң уақыттың зиясрап өріп жатқан әскери өмірі үйретті.

Әке! Анашам! Аяқ бауырларым!

Мәңгілік елді қалай? Денсаулықтарың жақса ма? Мен үшін ең басты сіздердің аман-сау болуларың. Әскери қызмет үлкен жауапкершілік мектебі. Қол болса беріңіз де сіздерге хат жазуда уақыт табуға өзіме парыз санаймын. Себебі сіздермен сөз байлау мен үшін ереске келуім.

Қазіргі таңда мен ҚР ҰҚК Шекара қызметі Алай бойынша департаментіне қарасты Мақашық ауданы бойынша шекара басқармасының «Шығыс» шекара бөліміндегі Отан аяғындағы қасиетті дарадағы абыраймен атқарып жүріп, әскерге айтқан келген кезінде текшемен және кәсіптік даярлау бөліміндегі аман бөліміміз біз үшін үлкен мектеп бағды. Сол жерде үйренген тәртіп, икемділігіміз, жауапкершілік бүгінгі қызметіміздің берік негізіне айналды.

Әскер - тек шынайы аяқ, рухани жетілу мектебі де. Уақыттағы қарумен қатар, қойындары да серік өтіп жүріп. Құдайықты өмірден түсіген айлардың, қозғалып сәттер мен сарбаздар арасындағы достыққа тәлім естеліктерді жазып қоямын. Әкемнің «дүниі күн - ертеңгі тарих» деген сөзі ардақты жарымда. Еле сарайтан сөз сол жазбаларда аздерге оқып беретін болармын.

Қатарындағы жауандар - шүрегі Отан деп сөзқан қатаз ерлер. Біз қосқа уақыт ішінде бір үйдің баласындай болып жеттік. Бір-бірімізге деген сенімділік берік. Қажет болса, ел үшін, жер үшін бірге қандай санатқа болса да дайынбыз. Себебі бізді біріктірген - туған жерге деген шексіз махаббат. Уақыт зиясрап өтіп жатар. Әр күніміз - тәжірибе, әр сәттеміз кейбір аман қалса, аман-есен үйге оралған күн де аяқ аяқ. Сол күнді аяқта күтешім. Аздерді қатты сатандым!

Сәлеммен ұғдарыңыз қатардағы жауандар Нақш Ислам Балағұлы, ҰҚК Шекара қызметі Алай бойынша департаментіне қарасты Мақашық ауданы бойынша шекара басқармасының Шығыс шекара бөлімінің.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

ШЕКАРА ТЫНЫСЫ СЕЗІЛГЕН КҮН



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасының «Бесағаш» шекара бөлімшесінде «Әскердегі бір күн» атты ашық есік күні тағылымды әрі мазмұнды ұйымдастырылды. Бұл күні бөлімшеге Жамбыл жоғары инновациялық колледжінің 40 студенті топ жетекшісі Тұрапов Жақыппен бірге арнайы келіп, шекарашылардың тыныс-тіршілігімен етене танысуға мүмкіндік алды.

Көрсетілім барысында Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасының тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімі бастығының орынбасары подполковник Сержан Абеугалиев жастарға бөлімшенің қызметтік-жауынгерлік қызметінің қыр-сырын кеңінен таныстырды. Экскурсия аясында қару-жарақ түрлері көрсетіліп, олардың қолданылу ерекшеліктері түсіндірілді. Сонымен қатар, қызметтік итердің дайындығы мен шеберлігі, шекара күзетінде пайдаланылатын қызметтік аттардың мүмкіндігі ерекше қызығушылық тудырды. Бөлімшенің күнделікті тұрмыс-тіршілігі де назардан тыс қалмай, сарбаздардың өмірі мен қызмет барысы жан-жақты көрсетілді.

Студенттерге шекара бөлімшесінің сынып бөлмесінде «Офицер – қаһарман мамандық» тақырыбында тағылымды сабақ өткізілді. Сабақты «Застава тарландары» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облысы бойынша төрағасы Қошқарбек Жұмабаев жүргізіп, ол өз тәжірибесі арқылы жастарға әскери қызметтің мәні мен маңызын тереңінен жеткізді.

Осындай мазмұнды кездесулер жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті арттырып, шекара қызметіне деген қызығушылықты оятатыны анық.

Капитан А.ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».
Суретті түсірген
подполковник С.АБЕУГАЛИЕВ.